

26.03.2024 г № W00051

Значимость подхода «Лессон стадии» в преподавании и обучении

АШИМОВА ГУЛЬМИРА ЕРМЕКОВНА
Жамбылская область Кордайский район
ГКП «Школа-гимназия №1 имени Д.Конаева»
Учительница русского языка и литературы

Обучение в 21 веке направлено на обучение учащихся тому, как учиться, на формирование их как независимых, самомотивированных и увлеченных, уверенных личностей с развитым критическим мышлением. Несомненно, что главной фигурой в процессе преподавания и обучения является сам учитель, его повседневная работа в классе, с классом, с учеником, его планирование учебной работы и т.д.

Сегодня в современном обществе востребованы ученики, которые обладают навыками критического мышления, активны, умеющие вести конструктивный диалог, независимые и обладающие лидерскими качествами. Перед учителем стоит важность осознания вопросов: «Зачем необходимо это делать?», «Как помочь ученику?», «Что необходимо сделать для развития?». Именно «Урок (Л.С.Выготский) это «Площадка, где раскрываются, формируются и проявляются личностные особенности учащихся».

Очевидно, что необходимы изменения в технологии проведения урока. Если раньше преобладающее большинство учителей считало, что главная цель их профессиональной деятельности было «давать» ученикам знания, предусмотренные программой, то сегодня учителя ищут такие методические приемы и способы привлечения внимания учеников, которые бы развивали их познавательные интересы, повысили их активность на уроках.

Урок сегодня это-

- где учитель переходит от фронтальной работы к групповой,
- где учитель от традиционного использования дидактического материала переходит к индивидуальному, который учитывает личностные особенности конкретного ученика (ученик сам выбирает материал, согласно, тому, кто он аудиал, кинестет или визуал)

-где учитель и учебник перестает быть единственным источником информации для ученика (ученик пользуется на уроках английского языка различными словарями, справочным материалом, полезными ссылками в Интернете).

Именно сегодня в 21 веке невозможно обучать учеников, будучи учителем 20 века. Необходим новый инструментарий к уроку, знания новых методических подходов, направленных на развитие ученика. Курсы по Программе первого уровня помогли мне по-новому взглянуть:

- на урок, (как уйти от однообразия на уроке к индивидуальности ученика),
- на учителей (как носителей образовательных ценностей),
- на школу (где необходимо создать такую профессиональную среду, которая бы вынуждала учителей изменить свое сознание о необходимости преобразований в школе),
- учеников (как и каким образом он обучается),
- родителей (как непосредственных участников и заказчиков образовательного процесса).

На протяжении нескольких лет наше школьное ШМО работает над темой «Совершенствование образовательного процесса через развитие профессионального мастерства». Учителя использовали образовательные технологии, обеспечивающие познавательную активность: дискуссии по проблемам, проектную технологию, ИКТ, проводили открытые уроки. Но не происходило главного: используемые технологии многими учителями, новые взгляды учителя на ту или иную проблему не воспринимались как свои. Открытые уроки проходили, но в повседневной практике уроки оставались традиционными. Мнение ученика не принималось во внимание. Я задалась вопросом «Как же повысить профессиональную компетентность учителя, чтобы процесс преподавания и обучения был направлен на развитие ученика? Как повысить качество обучения по предмету? Мне помогли уровневые курсы, на которых я познакомилась с новым педагогическим подходом «Lesson Study». Для решения этой проблемы была создана творческая группа «Исследование урока», целью которой явилось совершенствование методики преподавания и повышения уровня знаний учащихся по английскому языку.

Кто-то сказал, что «учитель только тогда остается учителем, когда учится сам». Создание вот такой группы учителей, в состав которой входят 2 учителя английского языка со стажем работы до 5 лет, учитель немецкого языка со стажем работы 11 лет и учитель истории - стаж работы 7 лет, послужило толчком к развитию своего профессионального уровня, а с моей стороны педагогическая поддержка как учеников, так и учителей группы.

На первом заседании мы определили проблему «Как повысить мотивацию учащихся 7-8 классов на уроках». Нужно отметить, что подобралась группа педагогов, которые пытаются решить свои профессиональные задачи коллективно и это радует, т.к. развиваются их рефлексивные навыки. Первый LS прошел по сценарию успешно, есть результаты. Бурно проходило обсуждение после проведенного урока за исследуемыми учениками (А-сильный, В-средний, С-слабый ученик). Интервью с учащимися показали учителям, что необходимо знать ребенка, его индивидуальные особенности как субъекта познания и предметной деятельности, на уроке и выполнение им домашнего задания. Учителя пришли к выводу, что ученик должен иметь возможность выбирать предметный материал, уметь оценивать не только уровень знаний, но и какие способы учебной деятельности он использует, как усвоил учебный материал.

Голос ученика заставил педагогов задуматься и это отрадно, что процесс пошел. Учителя работают, сомневаются, размышляют, делают ошибки и радуются успехам учеников, своим открытиям в учениках. Однако впереди еще много работы по «Исследованию урока», необходима основательная подготовка учителей в контексте преподавания семи модулей Программы.

Список литературы:

1.Руководство для учителя. Первый (продвинутый) уровень. Второе издание. АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2012, стр.145-147.

26.03.2024 ж № W00050

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында тіл дамыту жұмыстары



КУБЕСОВА СВЕТЛАНА ЖУБАТИРОВНА
Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы
«А.Байтұрсынов атындағы орта мектеп» КММ
Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі

Тіл дамыту – қазіргі оқытудың басты мәселесі.

Тіл мен сөйлеу процесін жіктей оқыту, оқушының дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлу, ауызша және жазбаша тілін дамытып, тіл мәдениетін жетілдіруде қазақ тілі мен әдебиет пәнінің алатын орны ерекше. Әр мұғалім қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында тіл дамыту жұмыстарын шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол оқушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне білуіне, білген нәрселерін ауызекі сөздерінде қолдана білуіне жағдай жасайды. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі көркем сөздің осы сияқты ерекшеліктерін оқушыларды тіл мәдениетіне үйретіп жетілдірудің мықты құралы ете білуге тиіс. Оқушының тілін дамыту жұмысы, ол баланың жалпы ойын дамыту деген сөз, өйткені оқушы пәнді оқып үйренсе де, өзінің істеген жұмысы, көрген-білгені туралы күнбе-күн сөйлеп, ойын қалыптастырып отырады, яғни оқушылардың тілін дамыту мәселесі олардың ойлау қабілетімен байланыстырылса, сондай-ақ, ойлау мен сөйлеу процесінің бірлігінде ұйымдастырылады.

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында нақтылы тәрбиелік процесте ауызша тіл дамыту жұмыстары қай жерде, қалай жүргізіледі, оқушылардың сөйлеу тіліндегі кемшіліктер қандай әдіс-тәсілдер арқылы түзетіліп отырады-мұның бәрін ойластырып, педагогикалық, психологиялық, методологиялық тұрғыдан қарап, дұрыс шешімін табатын тек қана тіл маманы болып табылады. Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін, тіл мәдениетін арттыру мен дамыту, сапалы білім беру-қазіргі кезде мектеп мұғалімдерінің, тіл мамандарының алдында тұрған басты міндеттердің бірі.

Қазіргі заман талабына сай білім беру үрдісі білімді жеке тұлғаға қарай бағыттап отырып, тұлғаны жан-жақты дамытуға, шығармашылықпен айналыстыруға жол ашып отыр. Алайда, осы іс-шаралардың барлығы мұғалімнің ұйымдастыруы мен шеберлігінің нәтижесінде іске асырыларды.

Сондықтан оқушылардың тілін дамыту, сөйлеу мәдениетін өрістетіп, жетілдіріп отыруды көздейтін мектеп көлемінде тиісті шаралар белгіленіп, жаппай жұмыс жүргізілмесе де, қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдері оқу материалдарының мазмұны мен түрлеріне байланысты сынып жағдайында және одан тыс уақытта да бұл жұмысты үздіксіз жүргізіп отыруға міндетті.

«Білім туралы Қазақстан Республикасының Заңында», «Жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін байыту»-дейтін тұжырымдар бүгінгі білім берудің мақсаттары мен міндеттерін ғана емес, тіл дамытудағы өзекжарды мәселелерді де айқындайды.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушыларды сөзді дұрыс қолдана білуге, өз ойын орнықты жеткізуге, еркін сөйлей білуге жетелейтін тәсілдің бірі – тіл дамыту жұмыстары. Оқушылардың тіл дамыту жұмысын дұрыс ұйымдастырып, дұрыс жүргізіп отыру-әдебиетті сөз өнері ретінде шығармашылық шабытпен шебер оқыта білудің бір көрінісі болып саналады. Тіл дамыту мақсатындағы жүргізілетін жұмыстар оқушының ойлау қабілетіне, сондай-ақ өз ойын жеткізе білуіне, шығармашылық ізденісіне жол ашады. Оқушының білімі ғана жетіліп қоймайды, қабілетінің, дарын көзінің ашылуына түрткі болады.

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында оқушылардың сөйлеу тіліне мынадай талап қойылады:

Оқушы айтайын деген ой-пікірін жүйелі, байланысты түрде әңгімелеп беруге жаттығу.

Сөз тартымды, мазмұнды болуға тиісті.

Әдеби тілдің нормасынан ауытқып кетпей, оны сақтап мәнерлеп сөйлеуге дағдылану.

Сөзді дұрыс, орынды қолданып, сөйлемді дұрыс құрап ойын айта білуге машықтану.

Тіл дамытудың басты құралы сөздік қорда жатады. Оқушының сөздік қорының неғұрлым көп болуы және оны тиімді қолдана білуі жүйелі еңбекті қажет етеді. Сөздік қорды байыту жұмысында іріктелініп алынатын атаулар, ұғымдар ұлттық дәстүріміз бен өткен тарихымызға байланысты болса, оның жан-жақты маңызы артып отыратындығы белгілі. Өйткені оқушылар өзінің туған халқының тарихымен, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрімен байланысты атауларды үйрену арқылы білім қорын жинай бастайды.

Қазақ тіліндегі тіл ұстарту жұмыстарының негізгі мақсаты – дұрыс, сауатты жазуға, оқушының ауызша және жазбаша ойын, грамматикасын және стилистикасы жағынан дұрыс сөйлем құрап, жүйелі сөйлеуге үйрету. Мұғалім оқушының ауызша және жазбаша тілін дұрыс дамытуда грамматикалық ережелерді жақсы білуге, тыныс белгілерін

дұрыс қоюға үйретіп, көркем әдебиетті көп оқуға бағыт беріп, оның үлгісін көрсетіп отыруы тиіс. Әр мұғалім тіл ұстарту жұмыстарын шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол оқушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне білуіне, білген нәрселерін ауызекі сөздерін де қолдана білуіне жағдай жасайды.

Тіл дамыту жұмыстары ауызша-жазбаша жаттығулар, мәтінмен жұмыс, мазмұндама, шығарма, диктант, мақала жазу, мінездеме беру, суретпен жұмыс, сұраққа жауап жаздыру, жоспар жасату, кітап оқу сияқты жұмыс түрлері арқылы іске асырылады.

1. Тіл дамытудың негізгі мақсаты.

Тіл дамыту-оқушыны тілдік тұлғаларды дұрыс қолданып, ойын басқа адамға толық жеткізуге дағдыландыру, басқа адамдардың сөзін жақсы түсінуге үйрету. Басқаша айтқанда тіл дамыту – қазақ тілі оқушының қарым-қатынас құралына айналдыру. Бұл жалпы тіл үйрету мақсатымен толық сай келеді. Мектептерде оқушының қазақ тілін дамыту ұғымына қазақ тілінің лексикалық, грамматикалық тұлғаларын меңгерту, оларды сөйлемде қолдану дағдыларын қалыптастыру яғни қазақ тілінде әдеби тілмен сөйлеуге үйрету жатады; қазақ тілінің орфографиялық нормасын оқушыда қалыптастыру, қазақша сауатты жазу дағдысын меңгерту де осы ұғымға кіреді; сөздерді бір-бірімен дұрыс байланыстырып, сөз тіркесін жасау арқылы оларды арқылы ойын басқаға жеткізу, басқаның сөзін түсіну де тіл дамыту ұғымына жатады.

Сөйтіп тіл дамыту сөйлеуге жеткілікті сөздік қорды және ол сөздерді сөйлемде бір-бірімен байланыстыратын тілдік нұсқаулардың қолдану заңдылықтарын меңгерту болып шығады. Оқушының сөздік қорын байыту тілдік нұсқаулардың қолдану дағдысын қалыптастырумен тығыз байланыста жүргізіледі.

2. Оқушының сөздік қорын байыту, сөздік жұмысы

Оқушының сөздік қорын үнемі байытып отыру-тіл дамытудағы негізгі мәселе. Сөздік қоры бай адамның ойын анық жеткізу мүмкіндігі мол болады. Сөздік қоры бай адам ойын жеткізуге ең керек сөзді таңдап қолдана алады, оның ойын дәл білдіретін сөзді тыңдау мүмкіндігі бар. Сондықтан тіл дамытуда оқушының сөздік қорын байытуға ерекше мән беріледі.

Сөздік жұмысы әр сабақ үстінде, жыл бойында, бүкіл оқу кезеңінде белгілі жоспармен, жүйемен жүргізілуі керек. Оқушы сабақ сайын жаңа сөз үйреніп отырады. Оқушыға үйретілетін жаңа сөз тексте, диалогтарда жаттығу қолданысымен байланысты беріледі. Сабақ сайын жылма-жыл әр сыныпта оқушының сөздік қоры өсіп отырады. Әр сабақта үйретілетін жаңа сөзді оқушының сөздік қорын байтудағы негізгі мақсат болып саналады. Осы мақсатта жету үшін, төмендегі жұмыстар жасалу керек:

1. жаңа сөз мағынасын оқушыға анық түсіндіру;
2. жаңа сөздің оқушы есінде сақталуын қамтамасыз ету;
3. жаңа сөзді қолданыста меңгеру яғни жаңа сөзді қолдану дағдысын қалптастыру;
4. жаңа сөздің айтылуы мен жазылуын меңгерту;
5. сөздікпен жұмысқа үйрету.

Оқушының сөздік қорын байытудың тағы бір жолы- мақал-мәтелдер сөздігін жасау. Мақал-мәтелдер сөздігі оларды есінде тұрақтандыруға көмектеседі. Ал мақал-мәтелдер оқушының қазақша сөйлеуін көріктендіреді. Мақал-мәтелдер сөздігін оқушы сөйлесу кезінде, мазмұндама, шығарма жазғанда, пайдалануына болады.

3. Жаттығулар арқылы тіл дамыту.

Оқушы қазақ тілінен меңгерген бай сөздік қорын қарым-қатынаста қолдана алмаса, тіл білген болып саналмайды. Сондықтан оқушының сөздік қорын байыту сөздердің сөйлеуде қолданысына жаттықтырумен бірге байланыста жүргізіледі.

Ал оқушы сөздерді қарым-қатынаста қолдана алу үшін, тілдік тұлғалардың қолданылу заңдылықтарын білуі керек. Ал ол- грамматикалық мәселесі. Грамматикада сөздерді бір-бірімен байланыстыру үшін қолданылатын сөз түрлендіруші қосымшалар, олардың қандай сөздердің тобына, қалай жалғанатыны, беретін мағынасы, сөз түрлендіруші қосымшалар арқылы түрленген сөздің қандай сөз тіркесін жасайтыны, сөз тіркеснің сөйлем жасауы, сөйлемдердің бір-бірімен байланысу заңдылықтары беріледі.

Екінші тілді үйрету ісіне оқушы тілін дамыту жұмыстарын ұйымдастырылғанда, жаттығулардың атқаратын қызметі зор. Тілге үйрету қай тілде де жаттығулардан басталады. Жаттығулар тілдік материалдың негізінде оқушының жас ерекшелігіне, білі деңгейіне сай беріледі. Жаттығуларды ғылымға екіге бөледі: тілдік жаттығулар және сөйлеу жаттығулар. Тілдік жаттығулардың міндеті тілдің грамматикалық материалын оқушыға меңгерту. Тілдік жаттығулар әр тілдік тұлғаны таныстырады, оны қолданып үйренуге жаттықтырады.

Тілдік жаттығулар тілдік тұлғаларды дұрыс ойланбай қолдану дәрежесіне жеткізуді көздейді. Тілдік жаттығулар алуан түрлі болып келеді. Мұндай жаттығулар тілдік тұлғаның қолдану үлгісі ретінде, оның қолданылуына оқушының назарын аударып, көзін үйрету мақсатын көздейді. Ал тілдік жаттығуда тілдік тұлғаның сөздегі орнына нүкте қойылатын жаттығулар оқушыны тілдік тұлғалардың дыбыстық вариантын дұрыс таңдауға үйрету мақсатын көздейді.

Ал сөзді қосымшасыз беріп, оған тиісіз қосымшаны тауып жалғау оқушыға түрлі қосымшаларды өткен соң, олардың әрқайсысын жақсы меңгергенде беріледі. Мысалы, бірнеше септік жалғауын оқығаннан кейін, оның сөйлемде қайсысын қолдануды табу ол септіктерді оқушының жақсы білуін талап етеді. Сөйлемдегі түсіндірілген сөзді тауып қосу, сөйлемді өзгерту, сөйлемді аяқтау, сөйлемді кеңейту, сөйлемді тарылу сияқты жаттығулар оқушыны сөйлеуге апарады. Бұлар алғашқы жаттығулардан гөрі көп күрделі болып табылады. Сөйлеу жаттығуларына сурет арқылы оқушыны сөйлеуге үйрету, оқыған кітабының мазмұнын әңгімелету, мақал-мәтелдерді сөйлеуде қолдануға жаттықтыру, тақпақ, өлең айтуға үйрету де жатады. Бұлады бәрі- оқушыны тілін дамытудың құралы.

Оқушыны тілін дамытуда оқыған кітабының мазмұнын қазақша әңгімелету пайдалы. Жұмыстың бұл түрін 5-6 сыныптарда бастау дұрыс. Кітап оқу жұмысы сабақта басталды. Оқу әдісін меңгерген оқушы өздігінен кітап оқымайды. Кітап оқуға баулу үшін алдымен оқушыны анық, тез оқитын дәрежеге жеткізу керек.

Оқу әдісін жақсы меңгерген оқушы ғана, өздігінен кітап оқи алады.

Оқушының тілін дамыту үшін тақпақ жаттау, өлең айту да пайдалы болып саналады. Оқушы әр сыныпта бірнеше тақпақ жаттайды, олар көбіне оқулықтарда беріледі.

Өлең айтуға, ән салуға үйрену де тіл дамытуда өзіндік қызмет атқарады., бірақ бұл жұмыс үйірмеде жүргізіледі.

Мақал-мәтелдер де- оқушыны тілін дамытудың құралы. Оқулықтарда мақал-мәтелдермен жұмыс жүргізуде әр мақал-мәтелдің оқушы мағынасын түсінуі керек, сонда ғана оны орынды қолдана алады.

Сөйлеу жаттығулары оқушыларды тілдік материалды сөйлеуде қолдануға дағдыландыруды көздейді. Сөйтіп, оқушы алдымен тілдік материалды меңгеру жаттығулармен кездеседі, оны білі, танып, түсініп алуы қажет. Ол тілдік материалды сөйлеуде қолдануға жаттықтыру, дағдыландыруда сөйлеу жаттығулары маңызды қызмет атқарады.

4. Мәтін арқылы оқушы тілін дамыту.

Оқушы тілін дамытуға мәтіндердің атқаратын қызметі өте күшті. Мәтін оқушыға білім береді, мәтін-оқушыны оқуға үйретудің құралы, ол ойын, тілін дамытады, тәрбиелейді, қазақша сөйлеуге үйретеді. Мәтін осы қызметтерді толық атқару үшін, оған төмендегі талаптар қойылады.

Мәтін оқушының жас ерекшелігіне, түсінігіне сәйкес болуы керек. Мәтін әр сыныптағы оқушының жас ерекшелігіне, біліміне, түсінігіне сай алынады.

Осымен байланысты әр сыныпта оқытылатын мәтін әр түрлі деңгейде болады.

Мәтіннің мазмұнына әр сыныпта оқышысының білім деңгейіне, дүние танымына сай болуы қажет. Оқушыға таныс емес, оқушы түсінбейтіндей қиын мазмұнды мәтін алынбауы, оқуға берілмегені дұрыс.

Мәтіндердің мазмұны оқушыны қызықтыратындай болуы қажет. Оқушыны қызықтыратын мәтіндерді оқушыны жақсы меңгереді.

Мәтіндердің тәрбиелік мәні болуға тиіс. Оқушыны достыққа, бірлікке, адамгершілікке тәрбиелейтін мәтіндердің мәні күшті.

Мәтіндер қазақ халқының мәдениетімен, әдет-ғұрыптармен, ұлттық мерекелермен, жетістіктермен оқушыларды таныстыру қызмет атқарады. Олхалықты сыйлауға, тәрбиелеуге қажет.

Мәтінді аулдару- тіл үйренудегі, тіл дамытудағы негізгі мәселелердің бірі.

Мәтінді аудару алғашқы кезеңде мұғалім өзі көрсетеді, кейін оқушылар өзі аударды. Мәтінді аударудан бұрын ондағы жаңа сөздермен жұмыс жүргізіледі.

Мәтіннің мазмұнына баланысты сұрақтарға жауапты жазбаша түрде жүргізу арқылы оқушының жазбаша тілін дамытуға болады. Мәтін бойынша ауызша тіл дамытуға жүргізілетін жұмыстардың бәрі жазбаша да жүргізіледі.

5. Сөйлеу тілі мен жазбаша тілдің байланысы.

Сөйлеу тілі мен жазба тіл өте тығыз баланысты. Сөйлеу тілінде жазбаша тілде де қолданылатын тілдік тұлғалар бір. Тілдік тұлғалар сөйлеу тілі мен жазбаша тілде бір мағынада қолданылады, олардың тілде атқаратын жалпы қызметтерінде де өзгеріс болмайды. Сондықтан екінші тілді үйретуде жұмыс ауызша мен жазбаша жүргізулі тиіс.

Тыңдауға үйрету мақсатында жасалатын бұл жұмыстың түрлері, сөйлеуге үйретумен байланысты жүргізітіні есте болу керек.

6. Жазбаша тілді дамыту

Оқушының жазбаша тілін дамыту бастауыш сыныптан-ақ басталады. Тілді жаттығуларды жазбаша түрде орындау оқушыны жазбаша тілін дамытудың алғашқы басқышы шартты белгісінің бірі болып саналады.

Дегенмен оқушының тілін жазбаша түрде дамытуда мазмұндама мен шығарманың орны ерекше.

Мазмұндама - тіл дамытудың өте маңызыды әдісі. Мазмұндама негізінен оқушының жазбаша тілін дамытуға, ойын мәтінге сүйеніп, өзінше жазбаша түрде білдіруге үйретуді. Бірақ мазмұндаманы оқушының жазбаша тілін дамытуда, ойын мәтінге сүйеніп, өзінше жазбаша түрде білдіруге үйретеді. Шығарма жақын мазмұндама оқушының шығармашылық ойын дамытуды, ойын өз сөзімен білдіру дағдысын қалаптастырады.

Шығармаға жақын мазмұндамада оқушы мәтіннің мазмұнын өзінше жалғастырып жазады, кейде мәтіннің басына өзінше үзінді қосады, мәтіннің арасында мәтінге байланысты уақиға туралы өзінше әңгіме қосады.

Шығарма- жазбаша тілді дамытудағы ең негізгі жұмыс. Шығарма –оқушының өздік шығармашылық жұмысы. Шығарма жазуға оқушыны үйрету ұзақ уақыттағы жүйелі жұмысты керек етеді.

Шығарма бір тақырыпта жазылды, тақырыпты ашуға керек сөздерді білуі керек. Мұғалім оқушының сөздік қорын жақсы біледі, сондықтан оқушының сөздік қорында бар сөздерді қажет ететін тақырып таңдау пайдалы.

26.03.2024 ж № W00049

Қазақ тілін оқытуда қолданылатын жұмыс түрлері



ТӨКЕН ПЕРИЗАТ ДУМАНҚЫЗЫ
Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы
«А.Байтұрсынов атындағы орта мектеп» КММ
Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі

Әрбір мұғалім өз сабағына жоспар құрар алдында сол сабақта қандай әдістерді қоладана алатыны туралы ойланады. Қандай жұмыс түрлерін ұйымдастырған жөн, қандай технологияны қолданса тиімді болады деген ойлар келеді. Сол сияқты мен де өз сабағымды жоспарлағанда түрлі ойлар жетелейді. Баланың қабілетіне, сынып оқушыларының қабілетіне қарай әдістер мен жұмыс түрлері таңдалып алынады. Бүгінгі бөліскім келіп отырған жұмыс түрлерін мен өз сабақтарымда қолданып жүрмін. Оқыту әдістерінсіз мақсатқа жету мүмкін емес. Әдіс мақсат пен нәтижені біріктіріп оқытудың жүрегі бола алады. Кез келген сабақта жұмыс түрлері үш жолмен жүзеге асады.

1. Жұптық;
2. топтық;
3. ұжымдық.

Жұптық – екі оқушы бір тақырып көлемінде сұхбат ұйымдастырса, тапсырма орындаса, оқып аударса, бірігіп диаграмма құраса, т.б жұмыстарды екеуара бірігіп атқарса жұптық жұмыс болып табылады. Олар тіпті бірін-бірі бағалай да алады.

Топтық – арнай құрылған шағын топ 4-5 адамнан құралса керек. Топтық жұмыста тыныштық сақтау үшін арнайы ереже құрып, мұғалім сол ережемен алдына ала таныстырып қойса, жұмыс жақсы нәтижеге жетеді. Оқушылар да бір-біріне кедергі жасамайды. Топтық жұмыста жоба жасап, қорғап, дәлеледеп, өзін өзі бағалау жұмысын ұйымдастырған жөн. Бір-бірінің ойын тыңдап, сұрақтарына жауап беріп, өз ойларын ашық жеткізсе, міне сонда нәтиже болады. Оқушыларды топқа бөліп жұмыс жасату, оларды ұйымшылдыққа

тәрбиелейді, жанашырлыққа, көмек көрсете білуге тартады. Қарым -қатынасын жақсартады, білімдерін толықтырады. Ең бастысы бір-бірін тыңдап үйренеді.

Ұжымдық – оқушылармен толық жұмыс жасау. Бөліп жармай жалпы ортақ тапсырма беріп, оны өзара бағалау. Бұл жерде де бір-бірін тыңдата білу, тыныштық сақтау, жұмысқа қызығушылығын арттыру өте маңызды. Ұжымдық жұмыс кезінде мұғалім көбіне бақылаушы, бағыттаушы болады.

Жалпы сабақты тиімді ұйымдастыру үшін сабақтың мақсаты мен оған қойылатын талаптарды дұрыс таңдап алған жөн. Мақсатқа жету үшін жұмыс түрлерін таңдап аласыз. Жұмыс түрлеріне сәйкес келетін дидактикалық құралдар мен тапсырма түрлерін іріктеп алдын ала жобалайсыз. Әрине баланың жас ерекшелігін ескеру керек. Сабаққа қойылатын талаптар: сабақтың тақырыбы, түрі, өткен сабақпен байланысы, үй тапсырмасының көлемі, дидактикалық, демонстрациялық, техникалық құрал жабдықтардың болуы. Тәрбиелік мәні, мазмұны, шығармашылығы тағысын бар. Сабақ көңілді тартымды өтуі үшін мұғалімнің өзі көңілді болуы керек. Сабақ бір қалыпты емес, жанданып, шапшаңдықты талап етіп, нәтижеге қол жеткізуге тырысуы керек. Мұғалімнің дауыс ырғағы мен қарқыны да нәтижеге қол жеткізуге септігін тигізеді. Оқушымен арадағы түсіністіктің маңызы зор. Оқушы сабақтан жақсы әсер алып кетуі керек. Сол кезде ғана оның пәнге деген қызығушылығы оянады. Мұғалім жылы лебізімен де оқушыны өзіне тарта алады. Әрбір сабаққа жауапкершілікпен қараған мұғалім үлкен жетістіктерге жетеді деп ойлаймын.

26.03.2024 ж № W00048

Математика пәнінің қоғамдағы рөлі



ӘБІШОВА КҮНІМХАН ЕРАЛЫҚЫЗЫ
Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы
«А.Байтұрсынов атындағы орта мектеп» КММ
Математика пәні мұғалімі

Ұстаз деген – ұлттың болашағына тікелей әсер ете алатын бірден бір ерекше тұлға. Себебі ұстаз қолында адам тағдыры, болашақ ел тағдыры тұрады. Заман талабына сай тәрбие беру – мұғалімнің басты міндеті. Ел ертеңі бүгіннен басталатынына терең мән бере білсек, егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Болашақта еліміздің мәртебесін көкке көтеріп, экономикасымен ішкі сыртқы саясатын дамытатын да бүгінгі жас өрендеріміз.

Бізге келіп жеткен салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптардың, мәдени мұралардың өзінен қазақ халқының асқан даналығын көруге болады. Қазақ халқының танымдық мұрасының молдығы кімді болса да таң қалдырғандай. Сол мол мұраның кей біреулерінде жаратылыстану элементтерінің қолданылуына тоқталып өтейік. Қандай да бір құбылысты түсіну үшін адам ғылымды меңгеру керек. Табиғаттағы кез-келген құбылысты қарастырғанда оны нақты бір бейнеге келтіреді. Нәрсенің табиғи – физикалық кескіннің геометриялық денелері арқылы бейнелейді. Қандай нәрсе болса да бұйым немесе құбылыс ғарыштағы алып нысандар, яғни көзге көрінбейтін ұсақ бөлшектер бәрі белгілі бір геометриялық пішінмен сипатталады. Шаруашылық есебін жүргізу үшін қарапайым есептің білімдер негізін білу қажет екендігі белгілі.

Қазіргі ғылым мен техниканың дамуына байланысты математика ғылымы терендеп, күрделеніп, зертеу объектілері кеңейе түсті. Осылайша адамзат ақылмен құрылған анағұрлым жоғары абстракцияларды қамти бастады. Сонымен қатар, теориялық математикамен бірге қолданбалы математика тез қарқынды дамуда. Экологиялық процестерді басқару теориялары күннен-күнге математикалық сипат алып отырғаны, қуатты электрондық есептеуіш техникаларының пайда болуы, олардың әлеуметтік, экономикалық салаларда кең көлемді қолданылуы математиканың басқа ғылымдар секілді жоғары қарқынды дамуда екенің көрсетеді.

Математика пәні барлық жаратылыс тану пәндерімен тікелей байланыста. Мәселен, физика пәнінде есептің негізін физикалық тұрғыда түсініп, шешкенмен соңы математикалық формулалар мен есептеу жүйелеріне келіп тіреледі. Және де математика біздің өміріміздің көптеген салаларында да аса маңызды рөлге ие. Өндірістің көптеген салалары, экономика, жаңа технологиялар, ақпараттық жүйелер, өзге де толып жатқан салалар есептеулерсіз өз істерін жүргізе алмақ емес. Яғни, оқушы мектептен математиканың өзегін танып, өзіне сіңіріп алмайынша қай салада болмасын білікті маман бола алмайды.

Қазіргі кездегі ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы білім мен іскерліктің болуы, олардың шығармашылдық жұмыс істеуін, ойлауға қабілетті болуын талап етеді. Математика пәні оқушылардың өз ойын қысқа, дәл және дұрыс айта білуіне мүмкіндік туғызады. Білім сапасын арттыру әр мұғалімнің оқушылармен шығармашылдықпен жұмыс істеуінің жемісі. Оқушыларға терең де тиянақты білім беру мұғалімнің басты мақсаты. Бұл мақсатты жүзеге асыру өзінің шеберлігі мен ізденімпаздығына, сабақты қызықты, тартымды өткізу мүмкіндігінің белсенділігіне және сабақтың әр түрлі әдіс-тәсілдерін орынды қолдана білуінде.

Оқушының математикадан білімін көтерудің ең басты шарты – оның пәнге қызығушылығын арттыру. Пәнге деген қызығушылығы болса ғана бала оған көңіл қойып тындап, тереңдете оқып үйрене бастайды. Пәнге қызығып, оның құпияларын білсем деген оқушы оны тереңдете оқуға ұмтылыс жасайды. Пәнге қызығушылығы бар оқушының білім сапасы жоғары болатындығы белгілі. Мұғалім үнемі оқушының ойлану белсенділігін арттырып, білуге, білімге қызығушылығын тудырғанда ғана сабақтың мақсатына жетеді.

Математикаға қызығушылық тудырудың басты кезеңдерінің бірі – тақырып бойынша оқушылардың білімдерін бекіту сабақтары. Бұл сабақтарда олардың білімін өздігінен жұмыс істеуге арнап, алдарына белгілі мақсат қойып, қайталау сабақтарын жарыс, ойын түрінде ұйымдастырып жүрмін. Математикалық білімнің оқушының интеллектісін дамыту мен өзін-өзі дамытудың басты шарты ретіндегі тұтастығын қамтамасыз ететін тақырыптардың неғұрлым жетілген жүйесін құруда ойын элементтерін пайдаланудың маңызы зор екендігі мәлім.

Оқушы білімінің сапалы болуы бір жағынан мұғалімнің сабақ беру шеберлігі мен жаңа технологияны тиімді пайдалана білуіне байланысты болса, екінші жағынан мектептің техникалық материалды базасының жабдықталуы да әсер етеді.

Оқушының мектепте алған білімді тек игеріп қана қоюы жеткіліксіз, оны жетік меңгеру арқылы болашақ өмірінде өз қажеттілігіне жарата білу керек. Соңғы кездері мектебіміз сабаққа қажетті электронды оқулықтармен, интерактивті тақтамен және мультимедиялық кабинеттермен жабдықталды.

Бүгінгі күннің басты ерекшелігі – оқу процесін жетілдіру жолында ең озық әдістемелер іздестіріп, оқу орындары әр түрлі оқу бағдарламамен жұмыс істеудеміз. Балаларымыздың жетістіктері жаман емес. Оқушылардың білім алуына барлық жағдай жасалған.

26.03.2024 ж № W00047

Физиканы оқыту әдістемесі



ШЫНЫКЕЕВА ЖАДЫРА КУРЫЛЫСБЕКОВА

**Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы
«А.Байтұрсынов атындағы орта мектеп» КММ
Физика пәні мұғалімі**

Оқушылардың физикалық ұғымдарды түсініп, талдап ұғыуы, олардың логикалық және диалектикалық ойлауын дамытуға зор ықпал етеді. Академик С.И. Вавилов айтқандай, физикалық ойлауға дағдылану керек, оған көп жаттығу мен ұзақ үйренудің нәтижесінде қол жеткізуге болады, бұл физиканы оқытудың ең басты міндеттерінің бірі болуы тиіс.

Физика – табиғат туралы ғылым. Оның басты мақсаты – заттар мен денелердің, құбылыстар мен процестердің негізгі қасиеттерін біліп-тану, табиғат құбылыстарының заңдылықтарын зерттеу. Сабақта мұндай танымдық үрдіс оқушылардың физикалық ойлауын дамытуды қажет етеді. Бұл үшін оқыту үрдісінде анализ және синтез, салыстыру мен аналогия, классификация және жүйелілік, абстракция және жинақтап қорытындылау сияқты логикалық ойлау амалдарын пайдаланамыз. Демек, физиканы осындай логикалық талапқа сай оқытып, физика ғылымы негіздерінің логикалық жүйесін ашу арқылы оқушы жастардың физикалық ойлауы дамытылады. Бұл, әрине, алдымен мұғалімнің физикалық білімдер жүйесі мен оның құрылымының ерекшелік сипаттарын білуін қажет етеді.

Оқушылардың физикалық ойлауын дамытуда ең алдымен оларды диалектикалық ойлауға, яғни физикалық құбылыстар сырының қалай ашылғандығына (мысалы, Архимед күші, электромагниттік толқын, радио байланыс, т.б.) үйретіп, әлі шешілмеген мәселелердің зерттеліп толық білімге айналатындығын (атомның және ядроның құрылысы, ғарыш кемелерін ұшыру, теледидарлық хабар беру, т.б.) түсіндіріп, физикалық заңдылықтардың өзара байланысын (газ заңдары, уранның тізбекті реакциясы, т.б.) ашып көрсетуіміз қажет.

Мектепте физиканы оқыту кезінде оқушыларды логикалық ойлаудың негізінен мынадай түрлеріне үйретуіміз керек:

- физикалық ойлау;
- ғылыми-техникалық ойлау;
- диалектикалық ойлау;
- индуктивтік ойлау;
- дедуктивтік ойлау;
- абстракты ойлау.

Әрине, мұның бәрі бір сабақта немесе бір тарауды оқытумен бітетін іс емес, мұны оқушылардың мектепті бітіргенге дейін дамытылатын қабілеттері деп түсінуіміз тиіс.

Физикалық ойлау деп оқушылардың:

- а) физикалық құбылыстарды бақылау,
- ә) күрделі құбылыстарды құрамды бөліктерге жіктеу,
- б) олардың арасындағы өзара байланыстар мен қатынастарды анықтау,
- в) физикалық құбылыстар мен шамалардың арасындағы сандық және сапалық байланыстарды тағайындау,
- г) физикалық теориялардан шығатын салдарларды көре білу,
- д) физикалық білімдерді тәжірибеде қолдана білу ебдейліктерін дамытуды түсінеміз. Мұның сапалық дәрежесін оқушылардың мынадай іс-әрекетінен көруге болады: а) ой еңбегін жеңілдететін логикалық тәсілдерді қолдана білуі,
- ә) физикалық өрнектердің дұрыстығына сеніп, тексере білуі, б) есеп шығаруда тиімді тәсілдерді дұрыс тандап ала білуі, в) физикалық шамалардың өлшем бірліктерін тексере білуі, физикалық заңдылықтардың өмірде қолданылуын түсіндіре білуі, т.б.

Оқушылардың ғылыми–техникалық ойлауы физика мен математиканың арасындағы терең байланысты таба білуге, олардың техникада қолдану мүмкіндіктерін алдын ала болжай білуге, физикалық идеялардан түрлі техникалық конструкциялар мен модель, сұлбелерді жасай білуге үйрету арқылы дамытылады.

Бұған жартылай өткізгіштер мен электромагниттік толқын теорияларын мысал ретінде алуға болады, себебі оның негізінде электрониканың және радио–теледидарлық техниканың дамығаны белгілі.

Табиғаттың объективті заңы – энергияның сақталу және айналу заңы-мектепте оқытылғанда, табиғат құбылыстарының өзара байланыстылығы, энергияның сақталуы туралы ол заңның негізгі идеясы бүкіл физика курсына «қызыл жіптей көктеп» өтеді. Бұл оқушылардың диалектикалық ойлауын дамытуға қолайлы мүмкіндік туғызады. Физикалық құбылыстардың арасындағы байланыстардың себеп-салдарларын анықтай білуге үйрету-оқушылардың диалектикалық ойлауын дамытуға өте пайдалы әдістемелік тәсіл. Мысалы, капиллярлықтың себебі – сұйықтардың беттік керілу құбылысы, жарық жылдамдығының бір ортадан екінші ортаға өткендегі өзгеруі–жарықтың сынуының себебі; дене жылдамдығының өзгеруі–күш әсерінің салдары, ал ауа салмағының салдары–атмосфералық қысым болып саналады; физикалық парадокстарды шешу де – бұл мақсат үшін әсерлі тәсілдің бірі.

Оқушылардың индуктивтік ойлауы логиканың синтездік (жалпыдан жекеге көшіп, жинақтау) тәсілі негізінде дамытылады. Мысалы, балалардың жұқа резеңке шарларын, футбол мен машина баллонының камераларын насоспен үрлеп толтыруы, сабын суы көпіршіктерін шығаруы, Паскаль шарымен (сүмен және түтінмен толтырылған) тәжірибе жасауы арқылы жеке фактыларды қорытып, Паскаль заңын түсіндіріп, оның тұжырымдамасын береміз.

Анализ (жалпыдан жекеге көшу арқылы талдау) тәсіліне сүйеніп оқушылардың дедуктивтік ойлауын дамытуға болады. Мәселен, Паскаль, Бернулли, Ленц заңдары энергияның сақталу және айналу заңының дербес түрі ретінде қорытылып шығарылады; Ньютон заңдары, қозғалыс мөлшерінің сақталу заңының және бір дербес түрі ретінде қарастырылады; Бойль-Мариотт, Гей-Люссак, Шарль заңдары–газдың кинетикалық теориясының дербес түрі.

Ойлаудың аналитикалық және синтездік тәсілдері физикалық есептерді шығаруда да көп қолданылады. Индуктивтік ойлауды дамытуда бақылаудан және зерттеуден алынған фактілерді қорытындылаудың (элементар бөлшектердің қасиеттері, электролиз туралы Фарадей заңдары, т.б.) маңызы зор. Дедуктивтік ойлауға дағдыландыруда физикалық құбылыстарды классификациялау мен жүйелеу, салыстыру мен аналогия тәсілдерін пайдалану да тиімді. Мысалы, физика сабақтарында термометрлердің, насостардың, механикалық қозғалыстардың түрлері, тегі, класы бойынша классификациясы беріледі.

Оқушыларды физикалық құбылыстарды салыстырудың күрделі формаларына (жоғары сыныптарда) үйретуге болады. Мысалы, активті, сыйымдылықты, индуктивтілікті кедергілердің немесе электроңды, ионды, аралас электр өткізгіштіктердің өзара жалпы ұқсастықтары мен ерекшелік айырмашылықтарын олардың ажырата білгені жөн.

Төменгі сыныптарда денелерді (қатты, сұйық, газ тәрізді), көлемі мен формасын сақтау қасиеті бойынша, механикалық қозғалыстарды жылдамдығы мен траекториясы бойынша классификациялауға үйретудің мүмкіндігі бар. Меншікті салмағы, тығыздығы, жылу өткізгіштігі, жылу сыйымдылығы, электр өткізгіштігі, балқу температурасы бойынша денелердің физикалық қасиеттерін талдап, салыстыруға, жүйелеуге, классификациялауға болады. Талдаудың нәтижесінде әр түрлі құбылыстардың бәріне бірдей тән қасиетті анықтаудың да оқушылардың физикалық ойлауын дамытуда маңызы үлкен. Мысалы, өсімдіктердің көректенуі, сорғыш қағазды пайдалану, май шамның пілігі (фитиль), үй қабырғасының сыз болуы, қызанақты банкіде тұздау қандай физикалық ортақ бір құбылысқа негізделген екендігін тағайындау.

Бірқатар түсіндіруге қиын физикалық құбылыстарды баяндауды оңайлату мақсатында сабақта абстракты ойлау (қиялдау, ойша тұжырымдау) тәсілін қолдануға мәжбүрміз. Мысалы, идеал газ, Карно идеал циклы, абсолют қара дене сияқты ұғымдар, үрдістер, объектілер—абстракты ойлаудың жемісі. Физикалық құбылыстар мен объектілерді нобайлау (модель) арқылы да оқушылардың абстракты ойлауын дамытудың ескерерліктей мүмкіндігі бар.

Оқушыларды физикалық ойлаудың осындай түрлері мен тәсілдеріне үйретудің нәтижесінде олардың физикаға қызығушылығы артады, біліп-тану қарекеті жақсарады, оқу үрдісіндегі белсенділігі жоғарылайды, мұның бәрі оқытудағы жастарды тапқырлыққа, ебдейлікке, бақылай білушілікке, ізденушілікке, дәлел келтіруге, оқудағы қиыншылықты және білуге, ғылыми құмарлыққа тәрбиелейді.

26.03.2024 ж № W00046

Музыка өнерінің құдіреті



ЖАҢБЫРОВА ДАМИРА МҰРАТҚЫЗЫ
Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы
«А.Байтұрсынов атындағы орта мектеп» КММ
Музыка пәні мұғалімі

Ойдың сарқылмас құдіретті көзі – музыка.
Музыкалы тәрбиесіз ақыл-ойдың кемелдене дамуы мүмкін
емес. В. А. Сухомлинский

Тіршілікті музыкасыз елестету мүмкін емес.

Музыка – адам санасын еріксіз билеп алатын құдіретті күш.

«Адамды адам еткен дыбыс», деген А. Сейдімбектің пайымдауына сүйенер болсақ, дыбыстан сөз және музыка құралады. Сөз сана арқылы қабылданады, ал, музыка бірден түпкі санаға өтеді. Санада ойлау операциялары жүргізіледі. Адам қандай да бір ақпаратты қабылдаған кезде оны талдайды, саралайды. Түпкі санада ойлау операциялары жүргізілмейді. Түпкі санаға өткен ақпарат адамды сол ақпараттың мазмұнына сай өзгертеді. Музыканың құдіреттілігі де осында. Музыка бірден түпкі санаға өтіп кететін болғандықтан да өте құдіретті күшке ие. Музыканың бұл қасиеті құпия емес, біздің дәуірімізге дейінгі уақытта өмір сүрген адамдардың өзі бұл құдіретті күшті шебер пайдалана білген.

Платонның пікірі бойынша, мемлекеттің күштілігі, құдіреттілігі – ондағы айтылатын ән ырғағы мен оның музыкалық ладына тікелей байланысты. Платон – мемлекеттегі адамгершілік әдепті, адамаралық қатынасты бұзудың ең сұрқия жолы - әдепті, арлы музыкадан ауытқу деп есептеді. Дарақы әуен мен ырғақтарды тыңдау арқылы адамдардың ішкі жан дүниесінде дарақылық, бұзақылық, азғындық орнығып бастау алады. Платон және оның ізбасарлары, музыка адамға мемлекеттік талап деңгейіне көтеріліуге сол қоғамның белсенді мүшесі ретінде сезінуіне көмектесетін болуы керек деп есептеген.

Музыканы адамды қоғамдық өмірмен үйлесімде дамуына ықпал жасаушы құрал ретінде пайдалануды Платоннан кейін Аристотель дамытты. Аристотель өз еңбектерінде мимесис жайындағы ілімін жасап шықты. Бұнда адамның ішкі жан-дүниесі жайында ашып көрсетті және оған өнердің көмегімен ықпал ету жайында айтылады. Аристотель мимесис теориясында катарсис тұжырымдамасын жасады.

Бұл тұжырымдама бойынша ежелгі грек трагедиясында көрерменнің, тыңдаушының жандүниесінде зиянды аффектілерден босатылу жүріп отырған. Аристотелдің пікірі бойынша адам қандай да бір зиянды күйзеліске түсіп қиналғанда, оның жандүниесі қоғамдық өмірден ерекшеленіп жалғызсырайды. Ал терең сезіну процесін бастан өткізген жағдайда ол аффекті жағдайынан арылады, жандүниесі өзінің жеке жалғыздық күйінен жалпы қоғамдық деңгейге көтеріледі. Адам психикасын қалыптандырудың бұндай принципі бүгінгі күнге дейін сақталған. Бүгінгі таңда адамды адамгершілік, психикалық тұрғыда сауықтыратын әдістемелер көптеп саналады.

Аристотель адам психикасын музыкалық ладтардың қайсысы қай бағытқа өзгертетінін дәл жүйелеп баяндап берді. Бір ладтағы музыка адамды мүсәпір, бейшара күйге түсірсе, енді бір ладтағы музыка адамның делебесін қоздырады, еліртеді.

Антикалық еңбектерден музыканың адам психикасына ықпалы жайында баяндайтын оқыйғаларды көптеп-ақ кездестіре аламыз. Мысалы, Спартаның қатал, қатыгез патшаларының бірі Ликург, өз әскері үшін музыканы өзі шығарған және сол музыканы труба мен барабандардың үнінен тыңдап, қанығып әскери рухы ұшталмай әскерді соғыс алаңына еш уақытта шығармаған.

Белгілі грек философы Демокрит, жұқпалы ауру кезінде музыка тыңдауды ұсынған. Платон өз ауруларына дәрі-дәрмек бергенде, керемет дуалы ән тыңдау міндетті болған - олай етпеген жағдайда дәрінің әсері болмайды деп есептеген.

Ежелгі Қытайда музыка, тәрбиенің маңызды бір элементі болып саналған және міндетті түрде оқытылатын ғылымның саласына кірген.

Әбу Насыр әл-Фараби музыка туралы трактатында музыканың адамның жандүниесіне ықпалы, яғни жағымды немесе жағымсыз көңіл-күйді қалай тудыратыны, адамның сұлулық талғамы, яғни әсемдік пен ұсқынсыздықты, көріксіздікті бағалай алуы, музыканың адам организмін бір қалыпты күйге келтіруі жайлы сөз

қозғайды, эстетикалық талғам мен этикалық түсініктің тығыз байланыстылығын айтады. Әбу Насыр әл-Фараби– «Бұл ғылым (музыка, ән), – өзінің байсалдылығынан айрылған адамды түзетуге, қызба адамды бірқалыпты ұстауға құдіреті әбден жетеді»деп жазды.

Бұл ақпараттар музыканың жәй ғана көркемдеуші ғана емес, одан әлде қайда жоғары, құдіретті күш екенін дәлелдейді.

Бүгінгі таңда бүкіл әлемдік танымалдыққа ие болған кино өнерінің жұлдызы Жерар Депардьенің бір кездерде кекеш және өзіне сенімді емес болғанын біреу білсе біреу білмейді. Оны осы аурудан музыкалық терапияның көмегімен емдеген белгілі психотерапевт, Альфред Томатис. Ж.Депардье «А. Томатиспен кездескенге дейін бірде-бір ойымды толық жеткізе алмаушы едім. Маған ол және Моцарт көмектесті», дейді. Бұл естеліктен психотерапевттің актерді Моцарттың шығармалары арқылы емдегенін байқаймыз.

Музыканың ғажайып құдіреті туралы көп мысалдар келтіре беруге болады. Мәселе, осы ғажайып өнерді білім беру жүйесінде біз қалай қолданып жүрміз? осы жөнінде болып отыр.

Бүгінгі таңда Платонның айтқанындай елімізге еш бөгетсіз ағылып кіріп жатқан дарақы музыкалар ұлттық санамызды улап бара жатқаны көз алдымызда өтіп жатыр. Бұл үдерісті тоқтату мүмкін емес. Бұл үдеріске қарсы тұру үшін, кезінде «Егер адамдардың бейбіт өмір сүргенін қаласаң, балалардан бастау керек», деп М.Ганди айтқандай мектепке ораламыз. Мектеп жасындағы балаларды бүгінгі техникалық прогресс жағдайында тыйым салу арқылы дарақы музыкадан бас тартқыза алмаймыз. «Ит – қорыған жерге өш», дегендей адамның табиғатындағы әуестік тыйым салған нәрсеге одан әрі күшейіп кетеді. Ұлттық санамызды шетелдік арсыз, дарақы музыкадан тазартудың, болмысымызды сақтаудың асыл жолы – ұлттық музыкамызды, өнерімізді мемлекеттік деңгейде дәріптеу, оның қолдану аясын перзентханадан бастап, жоғары оқу орындарына дейінгі аралықта қамти отырып кешенді бағдарлама әзірлеу деп есептейміз.

Мектептегі музыкалық тәрбиенің негізгі формасы – музыка сабағы. Музыка сабағында бағдарламада қарастырылған әндерді орындау, музыкалық шығармаларды тыңдау және мәтіндерді оқып мазмұнын түсіну жүзеге асырылады.

Пәннің оқыту мақсаты: «1) білім алушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастыру; 2) тұлғаның шығармашылық қабілетін дамыту; 3) әлемдік музыкалық бейнелерді меңгеру.» деп көрсетілген.

Жоғарыда көрсетілгендей рухани толысқан тұлғаны қалыптастыруға бағдарламаның пәрмені жетпейді. Ол осы бағдарламаны жүзеге асырушы мұғалімнің рухани және кәсіби деңгейіне тікелей байланысты. Сол себепті музыка пәнінің мұғалімдерін дайындау барысында оның музыкалық психологияны терең меңгеруі назардан тыс қалмауы керек.

26.03.2024 ж № W00045

Қазақ тілі сабағында оқушылардың тілін дамытудың тиімді жолдары



БЕККУЛОВА ТУНЖЫР НУРМАХАНОВНА **Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы** **«А.Байтұрсынов атындағы орта мектеп» КММ** **Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі**

Школьная география как учебный предмет, отражающий основы науки, весомый вклад в формирование у учащихся научного мировоззрения. Это и составляет специфическое мировоззренческое отношение наших воспитанников к окружающему миру и событиям, в нем происходящим. Один из путей формирования научного мировоззрения у учащихся использование проблемных заданий, организация дискуссий. География - единственный учебный курс, дающий целостное представление о Земле как планете людей. Она формирует и общую культуру, в том числе экологическую; необходима для принятия управленческих решений на всех уровнях. Знания характеризуемой науки необходимы также и для повышения эффективности хозяйства, улучшения качества жизни населения. Она учит, как интегрировать информацию, полученную из множеств источников, пользоваться специфическим международным языком общения - географической картой. Географическое образование - надежная основа для воспитания рачительного хозяина своей страны и Земли, как общего дома человечества. Именно это образование дает осознанное понимание единства современного мира и человечества в его многообразии и единстве. И чтобы учащиеся могли правильно понять материальные, духовные и культурные ценности, окружающие их, и смысл существования человека в пространстве, необходимо накопление больших географических познаний. Что необходимо делать для накопления географических знаний. Для накопления географических знаний учащимися необходимы современные образовательные технологии и правильный выбор методов обучения. Само определение метода упорядоченного способа взаимосвязанной деятельности учителя, направленного на достижение целей образования, делает все более актуальной проблему сотрудничества педагога и школьника в процессе обучения, которая предполагает укрепление доверия к ученику. Его надо хорошо знать, чтобы правильно выбрать метод обучения.

Некоторые учителя обеспокоены тем, что интерес школьников к изучению предмета падает из-за "сухости" изложения материала в учебниках, его большого объема, высокой степени научности и недостаточной доступности для разных групп учеников. Организуя урок, надо стремиться так управлять деятельностью учеников, чтобы каждый (обязательно каждый) почувствовал окрыляющую силу успеха. Успех - первостепенное условие становления личности. Это внутренний комфорт, радостный настрой, когда дело спорится. Для школы это особенно важно. Ученик, если его усилия не увенчаются успехом, начинает терять веру в себя. Постоянные неудачи отбивают охоту учиться. Опытные педагоги хорошо знают это. Они никогда не злоупотребляют попреками, замечаниями, двойками. Напротив, стараются поддержать ученика, потерпевшего неудачу, подбодрить его, обязательно похвалить - даже за незначительный шаг вперед. Если все дети справляются с поставленной перед ними задачей, если работают с увлечением и удовольствием, помогая друг другу, если возвращаются домой довольными и ждут с нетерпением завтрашнего дня, желание учиться крепнет. На своих уроках я стараюсь поддержать учебную активность, понимать своих учеников, быть внимательной к ним, вовремя заметить усталость, переключать внимание, чтобы сохранить работоспособность. Управляю учебным процессом так, чтобы учащиеся понимали, что они делают и зачем. Иными словами, видели цель и пути ее достижения. Придаю большое значение созданию в классе спокойной обстановки, доброжелательности и взаимопомощи, чувства коллективизма т.к., на мой взгляд, это необходимые слагаемые успеха. Сосредотачиваю внимание не на ошибках и промахах, а на удачах и победах, пусть самых маленьких. Именно урок сотрудничества, на котором все получается, и рождает чувство успеха в учении, желание идти вперед. Считаю успех в труде - это основа взаимопонимания между учителем, учеником и родителями. Понимаю, что каждый шагает по жизни своей скоростью и своим путем - этого не изменить. Но как при этом не убить человеческое в человеке - вот задача обучения и воспитания. Не озлобиться и не озлобить ученика. Вести за собой к знаниям, к тому лучшему, что есть в каждом. А делаю я это используя различные формы и методы обучения и воспитания: опорные конспекты, зачеты, диктанты, кроссворды, , практические работы. Немалое место в моей работе занимают педагогические технологии. В настоящее время известно много таких технологий. Это и технология поэтапного формирования умственных действий, технология развивающего обучения, оптимизация образования, технология проблемного обучения

Особенности урока-диспута. В дидактике существуют разные классификации уроков: по способу их проведения (уроки - экскурсии, уроки самостоятельных работ и др.). По этапам учебного процесса (вводные, первичного ознакомления с материалом, тренировочные уроки); по главной дидактической цели (изучения нового материала, совершенствования знаний и умений, обобщающего повторения, комбинированный урок). В дополнение к типологии уроков по главной дидактической цели выделяются уроки проблемные и не проблемные. Проблемным считается урок, на котором учитель создает проблемные ситуации и организует поисковую деятельность учащихся по их разрешению. Существует несколько типов проблемных уроков, об этом хорошо рассказывает в своих трудах Л.М. Панчешникова.

. Основываясь на технологии проблемного обучения, Базина И.М. разработала технологию коллективной мыслительной деятельности (КМД).

В условиях классно-урочной системы коллективную работу лучше всего организовывать в форме групповой деятельности школьников.

В настоящее время, на мой взгляд, актуальна разработка методики проведения уроков - диспутов.

Следует помнить что организация, подготовка и проведение урока-диспута требует от преподавателя резкого увеличения затрат времени на предварительную подготовку материалов и неизмеримо усиливает нагрузку в процессе самого урока. Учеников же такой урок побуждает к максимальному раскрытию своих способностей и большей требовательности к себе и своим товарищам.

Урок-диспут состоит из трех основных этапов:

1. Постановка проблемы.
2. Решение проблемы.
3. Подведение итогов.

Тот вид диспута который я предлагаю, предполагает коллективную форму работы, взаимное обогащение учащихся в группе, организацию совместных действий, ведущую к активизации учебно-познавательных процессов.

Коммуникация, общение, без которых невозможны распределение, обмен и взаимопонимание, благодаря которым планируются адекватные учебной задаче условия деятельности и выбор соответствующих способов действия.

Обмен способами действия - задается необходимостью построения различных способов для получения совокупного продукта деятельности - решения проблемы.

Взаимопонимание - диктуется характером включения учащихся в совместную деятельность. Всем известны слова А. Сент-Экзюпери "Самая большая на Земле роскошь - это роскошь человеческого общения".

Чтобы исключить неудачу такого урока следует помнить "Законы продуктивности" любого учебного процесса:

- ободрение, похвала;
- юмор, шутка, улыбка;
- умеренные жесты, мимика;
- призыв работать лучшие, быстрее;
- направленное формирование оценочных суждений;
- создание обстановки доверия, уверенности в успехе;
- отступление, связанное с темой занятия;
- преобладание положительных оценок;
- организация деятельности (а не поведения);
- активизирующий вопрос, который приводит к диалогу;
- организация групповой работы;
- целенаправленная ошибка;
- размышление вслух;
- удачная пауза, дающая время на обдумывание;
- активность учащихся превышает активность преподавателя;

Методические рекомендации по проведению урока-диспута.

Центром любого диспута является проблема. При подготовке к уроку-диспуту следует помнить:

Проблемы, которые учащиеся считают настоящими, обычно выходят за рамки одного предмета (см. приложение № 1).

1. При выборе проблемы важно учитывать наличие необходимых материалов.
2. Проблема должна отвечать возрастным особенностям учащихся.
3. Учебная проблема должна быть достаточно серьезной, чтобы гарантировать заинтересованность всего класса (см. приложение № 2).
4. Выбранная проблема должна быть достаточно обычной и повторяющейся. Проблемы, касающиеся одного человека или небольшой группы, не отвечают этому критерию.
5. Выбранная проблема должна допускать различные способы решения.
6. Проблемы должны соответствовать потребностям и интересам учащихся.

26.03.2024 ж № W00039

Қазақстандағы математика ғалымдарының жетістігі

САРЫБАЕВА КУМИСАЙ ЖИБЕКОВНА
Жетісу облысы Панфилов ауданы
«Ж.Бусаков атындағы орта мектеп МДШО» КММ
Математика пәні мұғалімі

Математика ғылымы адамзат өркениетінің ерекше бір бөлігі. Оның тарихы адамзаттың дамуымен тікелей байланысты. Сонау біздің заманымызға дейінгі X ғасырда Вавилон, Үнді, Қытай, шығыстан бастау алған ғылым гректерде бір жүйелерге келіп, Арабияда жалғасып, XV-XVI ғасырларда Еуропада қаулап дамыды. Әсіресе оның қарқынды өсуі XVIII-XX ғасырларда болды. Дифференциалдық, интегралдық есептеулердің жаңалық ретінде ашылуы, алгебралық теңдеулердің шешулерін, әдістерін ойлап табу, Декарттық аналитикалық геометрияның басталуы математиканың қарқынды дамуына септігін тигізді. Математикалық әдіспен пайымдау жасау адамзаттың дүниетанымын тереңдетті. Қазіргі уақытта математика ғылымы мәуелі бәйтерек секілді бұтақтары кең жайылған қалың орман сияқты. Сол алып орманның ішінде тілін білмейтін кез келген адам жүре алмайды. Осы математика ғылымдарының патшалығында ерен еңбек етіп жүрген бірімізге ұлағатты аға, екіншімізге сыр жасырмас замандас, ұлы математик, ғұлама ғалым- **Әлімхан Әбеуұлы Ермеков**.

Әлімхан Әбеуұлы Ермеков (1891 - 1970) — мемлекеттік қоғам қайраткері, табиғатынан зерек тұлға, математика ғылымдарынан тұңғыш қазақ профессоры. Оның өз атымен бірге, еңбектері де оқылмақ түгілі атауының өзі аталмай кеткен қазақ топырағында алғаш ана тілімізде дүниеге келген ғажап оқулық **«Ұлы математика курсы»** (1935) оқулығын біреу білсе біреуі білмес. Басқаша атауы – «Аналитикалық геометрия мен дифференциал және интеграл есептеу негіздері». Сонымен қатар тағы “Координат методы”, “Функциялық байланыс және оны көрсету тәсілдері”, “Сызықтық функция”, “Екінші реттік қисықтар”, “Кеңістіктегі координат методы”, “Жазықтық”, “Түзу сызық” деп аталатын үлкен-үлкен **сегіз тараудан** және “Детерминант теориясының элементтері” деген **қосымша бөлімнен** тұратын кітаптары бар.

Қазақтың аса көрнекті ғұлама ғалымы **Мұхтарбай Өтелбаев** есімін жұртшылық жақсы біледі. Өйткені, М. Өтелбаев “математика” деген қасиетті ғылымның шетсіз де шексіз әлемінің көгінде қазақтың туын тігіп, есімін төрткүл дүниеге паш етті. Сол әлемде оның өз биігі, өз отауы бар. Сол Мұхтарбай Өтелбаев әлемінің рухани тірегі, ұстаныны мынадай бүкіләлемдік қағидалардың шешімдерінен, негіздемелерінен тұрады:

- Дифференциал операторлардың спектрлік қасиеттерін зерттеудің жаңа әдістері негізделді. Ол - қарастырылмақ есептерді локализациялау туралы жалпы идеяны біртіндеп және тапқырлықпен іске асырудың нәтижесі. Бұл жерде ол коэффициенттерді орташаландыру конструкциясын ойлап тапты. Ол бүгінде мамандарға “ q^* - Өтелбаев функциясы” деген атпен белгілі.

- Спектрлік анализде мынадай әлемдік мәселе шешімін тапты: классикалық Штурм-Лиувилль операторы меншікті мәндерінің үлестірімі үшін әмбебап асимптотикалық формула табылмайды. Ал, Дирак операторы үшін эквивалент болмаған жағдайда алғаш рет екі жақты асимптотикасы табылды;

- Іштесу теоремаларын алудың жаңа әдісі табылды. Оған “ q^* - Өтелбаев функциясын” тиімді қолдану арқылы қол жеткізілді;

- Тұңғыш рет Банах кеңістігіндегі сызықты операторлардың әдепті кеңеюлері мен сығылуларының теориясы жасалды, атап айтқанда, “паталогиялық” (ультрагиперболалық және жалғанпараболалық) дифференциал теңдеулер үшін әдепті есептер туралы И.Г. Петровскийдің (1948ж.) әлемдік мәселесі шешілді;

- Көпөлшемді және жартылай шенелген емес операторлардың кеңейтілген кластарының бөлінгіштігі мен аппроксимативтік қасиеттерін орнықтыратын әдіс табылды;

- Бейсызық эволюциялық теңдеулер теориясында, есептеу математикасында және жалпылама аналитикалық функциялар теориясында өзінің енгізген v -кластарының көмегімен іргелі нәтижелер алынды;

- Шеттік есептерді сандық есептеудің жаңа әдісі ұсынылды. Онда іштесу теориясы, дифференциал теңдеулердің коэрцитивті шешімділігі және жалғасу теориясы сияқты қазіргі математика бағыттарының соңғы жетістіктері пайдаланылған. Бұл әдіс ақырөлшемді матрицалардың меншікті сандары мен меншікті векторларын да тиімді есептейді.

Ғылым тілімен айтылған осынау сөздер қарапайым оқырманға түсініксіздеу көрінер. Оның ар жағында бейнетті еңбек жатыр, еліміздің абыройын көтерер, оны әлемге танытар жаңалықтар жатыр. Мұхтарбай Өтелбаевтың қолы жеткен нәтижелері математиканың әр саласында жаңа перспективалы бағыттарға жол ашты.

Академик М. Өтелбаевтың шәкірттерінің арасынан сексеннен астамы кандидаттық диссертация, он екісі докторлық диссертация қорғады.

Алгебраға ұмытылмас өрнек салған физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның Ұлттық Ғылым академиясының академигі – **Асқар Жұмаділдаев**. Ол – нағыз шабытты, бабына келген шағында тұрған ғалым. Әлемдік деңгейде мойындалған математик, қоғам қайраткері. Асқар 80-ге жуық ғылыми мақалалардың авторы. Оның мақалалары көптеген шетелдердің, Ресейдің негізгі математикалық журналдарында жарияланып, ағылшын тіліне аударылған. Осы аталған бағыттарда ол терең де тамаша нәтижелерге қол жеткізді:

-Формалды векторлық өрісті Ли алгебраларының ішінде қарапайым емес бас өрістері болатын алгебралар нақтыланды. Картандық типтес Ли алгебраларының екінші когомолиясы есептелінді;

-Кососимметриялық мультисызықтық ассоциативті емес көпмүшеліктер кеңістігінің сипаттамасы, 0-Алиа және 1-Алиа алгебраларының құрылыстары жасалды. Екі жақты Алиа алгебраларының зерттеулері Ли алгебраларының коммутативтік коциклдерін зерттеуге байланысты екендігі жүйеленді.

-Дәрежелері 4 және 5-ке тең кососимметриялық тепетеңдіктермен анықталатын алгебралардың құрылымдары бір жүйеге келтірілді. Ли коммутатор жағдайында айқын емес тепе-теңдіктердің бесінші дәрежеден бастап пайда болатындығы және олардың екіге тең екендігі дәлелденді. Лейбниц когомолиялары үшін фактор құрылды. Лейбниц алгебраларының қарапайымдылығы туралы ұғым енгізіліп, оның қасиеттері зерттелді.

Осы аталған зерттеулер – Асқардың ғылыми еңбектерінің шыңдалуының айқын айғағы. Оның ғылыми жұмысының әрбір бөлімі кезінде үлкен проблемалар туғызған мәселелердің шешімін табуға үлкен септігін тигізді. Мұның бәрі көрнекті ғалымның тынымсыз еңбегінің, шығармашылық шабыт нәтижелері деуіміз керек. Қазір Асқар ерен дарынымен, ұшан-теңіз қарымымен Қазақстан ғылымын әлемге танытып жүр. Отанымыздағы математиктер арасында ең өнімді жұмыс істеп, ең жоғары рейтингтің иесі болып жүрген де академик Асқар. Қазақ елінен Асқар көптеген шетел университеттеріне дәріс оқуға, ғылыми еңбектер жасауға алғаш шақырылғандардың бірі. Жүзден жүйрік шығып, шеттен бәйгесін алып жүрген Асқар бауырымыздың елден де лайықты үлесін алар мезгілі баяғыда жеткен деп есептейміз. Оның математиканың әр саласында жазған іргелі ғылыми мақалалары, оқулықтары ел ғылымы мен білімінің дамуына қосылған айтарлықтай үлес болып табылады.

Еліміздің жас математиктері көптеген халықаралық білім сайыстарында жоғары жетістіктермен көзге түссе, көш бастаған профессор-ғалымдарымыздың ғылыми жаңалықтарымен барша әлемдік қауымдастықты таңғалдырып, қазақ халқын қуантып жүр. Солардың бірі - Американың математикалық қоғамының жоғары дәрежелі «Мур» сыйлығының иегері, Қазақстан Республикасы білім саласының құрметті қызметкері, Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Алгебра және геометрия кафедрасының меңгерушісі, профессор - **Уалбай Үтмаханбетұлы Өмірбаев**.

Биыл Елбасының жарлығына сәйкес автоморфизмдер және еркін алгебралар саласындағы ерен еңбегі үшін профессор У.Өмірбаев ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанып отыр. Ол өзінің еңбекқорлығы мен тапқырлығы арқасында еркін алгебрадағы Кон және Каргаполов сынды белгілі ғалымдар қойған математикалық мәселелерді шешіп ғана қоймай, 30 жылдан бері шешілмей келген жапон математигі Нагата проблемасының түйінін тапты.

1972 жылы жапонның атақты ғалымы Нагата құрастырған есепке Уалбай Өмірбаев 80-жылдардың соңында білек сыбана кірісіп, он жылдың ішінде аталған математикалық проблеманың түйінін тарқатты. Бас кезінде ғалым қатты қуанды. Бірақ оның қуанышы ұзаққа созылмады. Себебі оның тапқан жауабы қарама-қайшылыққа толы болды. Алайда бетінен қайтпады. У.Өмірбаев бойындағы сабырлығы пен еңбекқорлығы арқасында айналасы екі жылдың ішінде-ақ Нагата есебінің толық шешімін табады. Осы мәселелерге арналған еңбектері үшін қазақстандық ғалым 2007 жылы Американың математикалық қоғамының жоғары дәрежелі «Мур» сыйлығына ие болды.

«Нагата есебі шешілді!» дегенді естіген кезде шетелдік ғалымдардың көбісі сенбеді. Ал «Нагата есебін шешкен қазақтың жас ғалымы!» деген сөзге мүлдем құлақ асқан жоқ. Гонконгте өткен ғылыми форумда Уалбай Өмірбаев бірнеше сағат бойы аяғынан тік тұрып, өз шешімін дәлелдесе де, шетелдік әріптестері міз бақпады. Қазақ ғалымын бір-ақ адам мұқият тыңдады. Ол - атақты математик Макар Лиманов еді. Уалбай Өмірбаев шаршап-шалдығып, орнына жайғаса бергенде, Макар Лиманов орнынан атып тұрып, тақтадағы есепке жүгірді. Оны қайта-қайта тексеріп: «Нақты және соңғы жауап осы, бұдан басқа жауаптың болуы мүмкін емес!», - деп айқайлап жіберді. Осыдан кейін барлық математиктер Уалбай Өмірбаевқа: «Есептің ана жерін қалай, мына жерін қалай шештің? Соны дәлелдеп бер!», деп үздіксіз хат жазумен болды. Бір жыл өткеннен кейін ғана қазақ ғалымы Уалбай Өмірбаев тапқан Нагата жұмбағының шешімін барша әлем мойындады. Ол - «Қазақстан ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін» медальмен және «Білім саласының құрметті қызметкері» атағымен марапатталған математик.

Енді, міне Нобель сыйлығының лауреаттары ұзақ уақыт бойы шеше алмай келген Нагата сияқты математикалық есептердің түйінін тапқан Уалбай Өмірбаев ҚР Мемлекеттік сыйлығына ие болып отыр. Ағылшын тілін еркін меңгерген қазақ ғалымы қазіргі кезде АҚШ-тың Детроит қаласында дәріс оқып жүр.

Қорытындылай келе, еліміздің маңдайалды математиктері әлемдік математика ғылымына қосқан үлестері осымен барабар деуге әбден болады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев инновациялық болашаққа жол – жалпыұлттық басымдық ретінде жария етіп, бұл мақсатқа жету жолында Қазақстанды әлемдік деңгейдегі білім орталығына айналдыру қажеттігін атап өткен еді. Осы инновациялық болашақтың негізгі тіректерінің бірі математика ғылымы мен білімінің дамуында жатыр. Ғылымдардың патшасы атанған математика пәнінен білім берудің ерекше екенін айта кетуге болады. Математика адамзаттың жаратылысты тануында, мемлекеттердің ғылыми дамуына Қазақстанда математика жақсы дамыған ғылымдар санатында. Бастауын әйгілі Әл-Фарабидан алатын Қазақстан математикасының дамуына және оның өркендеуіне атақты ғалымдарымыз, академиктер О.Жәутіков, Ө.Сұлтанғазин, Қ.Қасымов, Т.Кәлменов үлкен үлес қосты. Еліміздің тәуелсіздігі жылдары ерекше жетістікке жеткен ғалымдар М.Өтелбаев, Ш.Смағұлов, Б.Жұмағұлов, Н.Данаев, У.Өмірбаевтар Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары атақтарын алды. Осындай ғылыми жетістіктерді жастарға жеткізіп, оларды ғылымның жаңа шыңдарына жетелеу ғалымдар мен математика мұғалімдерінің негізгі мәселесі болып табылады.

ӘДЕБИЕТ:

1. Интернет :<http://biografia.kz>;
2. Көпшіл Әбдімәжитұлы «Мектеп математикасының тарихи мағлұматтары», Алматы 2004.
3. А. Көбесов, Математика тарихы. «Қазақ университеті», Алматы 1993.
4. Нұрбек Матжанидің «Алаштың Әлімханы»;
5. Әлімхан Ермековтың "Ұлы математика курсы" еңбегінен;
6. Астана көшелері /Құрастырушы: Е. Тілешев, О. Сүлейменов. Алматы: 2008. ISBN 9965-32-642-8;

26.03.2024 ж № W00038

Информатика пәнін заманға сай жаңаша оқыту



БАКПАСАРОВА ДИНА КУАНЫШЕВНА
Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы
«А.Байтұрсынов атындағы орта мектеп» КММ
Информатика пәнінің мұғалімі

Еліміздегі өзгерістер, қайта жаңғырулар білім беру жүйесіне де айтулы реформалар мен жаңа мақсаттар әкелді. ХХІ ғасырда адамдар жаңа технологияның тасқынының куәгері болды. Компьютер мен интернет, жаңа байланыс құралдарын, жаңа материалдар мен қызмет көрсетулер, жаңа ғылыми жаңалықтар, осының бәрі оқушылардың ой-өрісіне әсерін тигізді.

Қоғамдағы жаңа өзгерістер және оның тез ақпараттандырылуы мен даму жылдамдығы білім беруге қойылатын талаптарды да түбегейлі өзгертіп, қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласына төмендегідей міндеттерді қойып отыр: білім сапасын арттыру, әлемдік білім беру жүйесін ақпараттандыру, интернет желісін пайдалану, электрондық оқулықтар, мультимедиялық, телекоммуникациялық технологияларды пайдалану, қашықтан басқару және т.б. Ол жас буынды жаңашылдыққа жетелеу деген сөз. Жаңашылдық – білім жүйесіне инновациялық технологияларды енгізе отырып, оқушыны заман талабына сай етіп дайындап шығару.

Информатика пәнінің білім беру жүйесіндегі орны ақпараттық орта мен қоғам мүшелерінің жаңа ақпараттық технологияларды кең қолдануға байланысты маңызды болып есептеледі және оның мазмұны үнемі жаңарып отырады. Информатика пәні мұғалімі әрбір сабақта дидактикалық принциптерді назардан тыс қалдырмауы тиіс. Оқушы білімінің қалыптасуы қашанда мұғалімнің сабақты ұйымдастыра білуіне, жаңа материалды жүйелі түрде баяндауда әртүрлі әдістерді қолдана отыра жеткізілуіне байланысты.

Технологиялық оқыту білім алушыларды белсенді жағдайда қойып, оның субъектілігін қалыптастырады және шығармашылықты тудырады. Әсіресе, ақпараттық дәуірде технологияның қолданылуы ерекше. Білім сапасын жоғарылату, оны жеткілікті түрде арттыруда жаңа ақпараттық технологияларды қолданусыз, заманауи телекоммуникациялық құралдарды пайдаланусыз мүмкін емес.

Озық әдістемелік технологиялармен қаруланған, заман талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, яғни ақпараттық-коммуникациялық технологияларды толық меңгерген педагог қана білім алушының сапалы білім алуына мүмкіндік жасайды. Оқушының өз бетінше білім алуына, ізденуіне көп мән берілуі тиіс. Олардың кәсіптік білім алуымен қатар іздемпаз, тапқыр, ой-өрісі жоғары, өз пікірін ашық білдіретін, жаңашыл ұрпақ етіп тәрбиелеу керек. Бүгінгі заман талабы – қоғамның дамуымен бірге болашақ жастарды жаңашылдыққа, іздемпаздыққа, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Осы аталғандарды іске асыру үшін сабақта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану маңызды болмақ. Информатика пәнінің білім беру жүйесіндегі орны ақпараттық орта мен қоғам мүшелерінің жаңа ақпараттық технологияларды кең қолдануға байланысты маңызды болып есептеледі және оның мазмұны үнемі жаңарып отырады.

Бүгінгі заман талабына сай жаңа технологиялармен сабақ жүргізуде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану өте тиімді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиямен жұмыс істеу – компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

Компьютер адам қызметінің барлық саласында еңбек өнімділігін арттыру құралына айналады. Жеке тұлғаның ақпараттық мәдениеті негіздерін қалыптастыру оқушылардың компьютерде жұмыс істеуді игеруімен тығыз байланысты. Ақпараттық технологияның ерекшеліктерін айта келе, осы технологияны меңгеруде мұғалімнің кәсіби шеберлігі, ақпараттық технологияны тиімді және ұтымды пайдалана білуі басты мәселе болып саналады. Ақпараттық технология ғана білім берумен тәрбие беру процесіндегі мұғалімнің қосымша құралы ретінде ғана қолданылады.

Оқушылардың ой-өрісі мен дүниетанымын кеңейтіп, білім сапасының өсуіне әр оқушының қабілетіне қарай Кембридждік тәсіл арқылы оқытудың маңызы зор. Мен сабақтарымда осы тәсілді пайдалана отырып, оқытудың 7 модулін пайдалана отырып, оқушыларды топтастырып, жұптастырып, жекешелендіріп оқыту арқылы оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырып, өз бетінше ізденіп, еркін сөйлеулеріне көп мән бере отырып, оқытудың нәтижелі болғандығына, балалардың сабаққа деген ынтасы, белсенділігі арта түсетіндігіне көзім жетіп келеді. Әрине әр сабақта 7 модульдің бәрін пайдалану мүмкін емес. Сондықтан әр сабақтың тақырыбына қарай, оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай қолдануға тырысамын.

Сабақта оқушылардың қызығушылықтарын арттыру үшін:

- Ой еңбегі мен қабілетін арттыру және дамытудың тиімді әдістерін қалыптастыра білу;
- Берілген тапсырмалардың орындалу тәсілдерін біліп, оны ұғыну;
- Қосымша материалдар арқылы білім деңгейін толықтыру;
- Ойын элементтерін пайдалану;
- Бағалау әдістерін меңгерту;
- Әр сабақта кері байланыс ұйымдастыру (Мысалы, «Екі жұлдыз, бір тілек», «Сабақтан кейінгі ой түйін», «Бүгін мен не үйрендім?» «Өзара әсер», смайликтер салу арқылы көңіл күйлерін көресту) .

Оқушыларды өздеріне бағалату әдісі әр оқушының дамуын қадағалайтын педагогикалық мониторинг құруға мүмкіндік беретін болғандықтан, сабақтарымдағы бағалау бөліміне көп көңіл бөлемін. Ол үшін сабақтың соңында жиналған ұпайларына сәйкес әр оқушы өзінің бағаларын алып шығады. Бағалау әдістеріне мына төмендегілерді жатқызуға болады:

- Оқулықтағы материал бойынша сұрақтарға жауап алу әдісі. Бұл сұрақтарға оқушылар нақты түрде дұрыс жауаптарын жазулары тиіс.
- Өтілген материалдар бойынша тест алу әдісі. Бұл тест сұрақтарына оқушылар дұрыс жауаптарын көрсетіп қоюлары тиіс.

• Оқушылардың ойлау логикасын қалыптастыруға арналған әдістер. Мұнда сөзжұмбақтар, ребус, бесжолды өлең құрастыру, автор орындығы, реферат жазу, топтастыру беріледі, яғни өтілген материалдарға арналып жасалынады.

Жоғарда айтылғандарды қорыта келе, мынадай тұжырымдама жасауға болады:

Мұғалімнің және оқушының шығармашылық жұмыстарының ғылыми деңгейін қалыптастыруда, жаңа құндылықтар, ізденістер жасау. Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем.

26.03.2024 ж № W00052

Дефектология туралы түсінік

СЕИТБЕКОВА МАЙЯ АДИЛОВНА
Жетісу облысы Панфилов ауданы
«№ 6 орта мектеп интернаты» КММ
Дефектолог

Дефектология (лат. дефект – жетімсіздік және гр. логия – ілім) – педагогиканың көру, есту, сөйлеу мүшелерінде, ақыл-ойының дамуында табиғи кемістігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін зерттейтін ғылымның арнаулы саласы.

Бұл саладағы зерттеу нұсқасы мүмкіндігі шектеулі балалар, яғни тәрбиелеуі қиын (аномальді) балалар. Ондай жандарға қарап арың, ұятың оянады. Олармен жұмыс істеу өте қызықты, сонымен қатар аса жауапкершілікті, шыдамдылықты талап етеді. Мына бес күндік жалған дүниеден баз кешіп кеткеніңде, олардың арасына кірсең, бейнебір өзінді өзге планетада жүргендей сезінесің.

Сөзден ауытқымай, мамандық жайлы кеңінен тоқтала кетсем, дефектология төрт салаға бөлінеді:

1. Сурдопедагогика – мылқау балаларға білім және тәрбие беру проблемаларын зерттейді. Оған құлағы нашар және мүлде естімейтін балалар кіреді. Оларға білім беру барысында қолмен сөйлеу құралы кіреді. Әріптерді қолмен көрсету түрі:

2. Тифлопедагогика – педагогика ғылымының көру қабілеті бұзылған (зағип) балаларды оқыту және тәрбиелеу жөніндегі саласы. Көру қабілеттері төмен немесе мүлде көрмейтін балалар ерекше тәрбие мен білімді талап етеді.

Тифлопедагогика жалпы педагогиканың саласы ретінде философияға, гуманистік тәрбие мен жалпы-дидактикалық оқыту принциптеріне, көру қабілетінің кемістігі бар адамдардың өсу ерекшеліктеріне негізделіп дамиды. Тифлопедагогика ғылымының міндеттері: көру қабілеті бұзылған тұлғаларды психологиялық-педагогикалық және клиникалық тұрғыдан зерттеу.

Көру кемістігі бар ересектерді оқытудағы мақсат – өмірлік тәжірибесі мен жалпы біліктілігін, білімін және әлеум. дәрежесін көтеру. Оқыту мен тәрбиелеудің әдістеріне арнайы нұсқау, бағдарлама, методика, тифлотех. жабдықтар, т.б. жатады.

Көру кемістігі бар жандар үшін оқу құралы:

3. Олигофренопедагогика — ақыл-ой дамуынан қалып қойған балаларды тәрбиелеу мен оқыту туралы ғылым.

Олигофренопедагогика педагогикалық ғылымның жеке тарауына әзірлеуі жалпы білім беру мектептерінің кеңейтілгеніне байланысты балалар арасындағы ақыл-ой жағынан қалып қойғандық құбылысына дәрігерлер, ұстаздар, психологтар мен қоғам қайраткерлердің назары аударылған кезі XIX ғасырдың аяғы — XX ғасыр басына катысты. Олигофренопедагогика мазмұны болып табылатыны:

1. балалардағы ақыл-ой қалып қойғандық мәні, аномалды баланың ерекшеліктерін педагогикалық және психологиялық зерттеудің жолдары мен құралдары туралы ілім;

2. ақыл-ой дамуынан қалып қойған баланы оқытудың теориясы (дидактика);

3. көмекші мектептердегі ақыл-ой дамуынан қалып қойған балаларды оқытудың ғылыми негіздемесі;

4. мектеп курсының пәндері бойынша ақыл-ой дамуынан қалып қойған балаларды білім мен дағдыларға оқытудың жеке әдістемелердің негіздемесі;

5. ақыл-ой дамуынан қалып қойған балаларда еңбекке сәтті енгізуі мен социалистік жатақхананың ережелерін орындауына қажетті жабымды өнегелі қасиеттерді тәрбиелеудің ұстанымдары мен әдістердің негіздемесі.

4. Логопедия – тілінің кемісі бар балаларға білім және тәрбие беру проблемаларын зерттейді. быраттарыңның айтуынша (бұл салаға аса қызығушылық танытқан жоқ едім): Алғаш 17 ғасырда қолға алынғанымен тілінің мүкісі бар балаларды медицина және психология жолдармен зерттеп, тиісті емдеу шараларын қолданудың жолын табу әрекеттері 20 ғасырдың 30-жылдарына дейін созылды. Кемшіліктердің қайсыбірі сөйлеу жағынан (мәселен, тіл мүкістігінен) байқалса, екіншісі оқуы мен жазуының (дислексия, дисграфия) бұзылуынан да көрінеді. Фонетика, сондай-ақ, лексика-грамматика жүйені (алалия, афазия) қамтитын бұзылулар бар. Көбінде тілдің кемістіктері оның қарқыны мен созылмалығына (тұтықпа) катысты болады.

Ерте кезде де аномальды балаларға әлеуметтік проблема ретінде қарап, көңіл бөлген. Балалардың қоғамдық орнын (жағдайын) белгілейтін барлық заң ережелерінде, Рим правосында, Юстициан кодексінде аномальды балалар жөнінде айтылып, олардың қоғамдық жағдайы белгіленді. Киев Русінің негізгі (мемлекеттік қағидалар жинағы) кітаптарында, Москва мемлекетінің «Жүз тарауында» («Стоглавасында») аномальды балалардың қоғамдағы орны ерекше бұйрықтармен шектелді.

Анома

льды балалар қай кезде де философиялық ойға негіз болып келеді. Сондықтан да философтар, егер баланың құлағы есітпесе, көзі көрмесе, дұрыс сөйлемесе оның дүниені, өзін қоршаған ортаны танып білуі қалай өтеді деген мәселемен шұғылданды.

Аристотель аномальды балаларға арналған екі трактат жазды. Кардано, Гольвеций, Дидро және басқалар аномальды балалар туралы арнайы кітаптар жазды.

А.И.Радищев өзінің атақты трактатында аномальды балалар дамуының кейбір заңдылықтарын анықтайды. Неміс философтары Кант және Бауэр аномальды балалардың даму ерекшеліктері жөнінде жазды.

Кемістігі бар балаларға арналған мекемелердің пайда болу тарихы XIX ғасырдың II жартысынан Ұлы Қазан революциясының уақытына дейін созылады. XIX ғасырдың 80 жылдары Ресейде тек соқыр адамдарға арналған Санкт-Петербургтік училище және Петер, Мәскеу, Варшавада құлағы нашар еститіндер мен ақыл-есі кем балаларға арналған приют пен арнайы мектептерде 200-ге жуық балалар ғана тәрбие алатын.

XX ғасырдың басында тек екі қосымша мектептерде ғана балаларға логопедиялық көмек көрсетілді. XIX ғасырдың соңында ғана Ресейде зағип адамдар саны 250 000 жуық, құлағы нашар еститіндер саны 150 000, ақыл-есі кем адамдар саны 200 000 жеткен еді.

Ең алғаш аномальды балаларды оқыту мен тәрбиелеу проблемасы 1896 жылы кәсіби-техникалық білімді басқарудың №2 съезінде талқыланған болатын. Сол съезде көзі нашар көретіндер, құлағы нашар еститіндер, ақыл-есі кем балаларды оқыту секциясы құрылды. Бұл жерде талқыланған мәселе – Ресейдегі аномальды балаларға үкімет басшылығының және қоғамның көңілін аударуды және арнайы мекемелер жүйесін ұлғайтып, кеңейтуге ұсыныс етті. Бұл секцияның ең басты жұмысы – Ресейдегі дефектологтардың I съезді болатын. Съезге қатысушылар аномальды балаларға деген қамқорлық – ол қоғамның міндеті екендігін дәлелдеді. Олар балаларға көмектің тек негізгі формасын ғана емес, мектепке дейінгі және мектептегі балаларға арналған мекемелер құрылымын анықтады. Бұл сұрақтардың шешімін тапқан соң шетелдік аномальды балаларға арналған мекемелердің тәжірибесі ескерілді.

Съездің шешімі бойынша осы проблемелар, яғни аномальды балаларға көмек беру, оларды емдеу, оқыту бүкіл ресей қоғамдық бағдарламасының басты міндеті болды.

Ауытқуы бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің даму құрылысы филантропикалық негізде болды.

Ал арнайы мекемелер жүйесінің даму проблемасы шешілмей қалды.

Ұлы Қазан революциясынан кейінгі барлық іс-шаралар, яғни ауытқушылықпен күресу және оның профилактикасы жалпы өсіп келе жатқан ұрпақтың саулығын сақтауға бағытталады.

Аномальды балаларды тәрбиелеудегі жабық жүйеге Л.С.Выготский қарсы болды.

Аномальды балаларға арналған мекемелер жүйесінің түрлері көбейді, олар: балалар үйі, мектептер, қабылдау мектептері және т.б. мекемелер болды.

Н.К.Крупская аномальды балаларға қамқорлық жасай отырып, ақыл-

есінің дамуында және физикалық дамуында ауытқуы бар балаларға арналған мекемелер жүйесін ашудың маңыздылығын атап көрсетті.

Аномальды балаларға арналған арнайы мекемелер жүйесі сол уақытта тек мектеп ғана емес, мектепке дейінгі де және көзі көрмейтін, құлағы естімейтін ересектерге арналған кешкі оқыту мекемесі қолға алынды.

Аномальды балаларды зерттеу жүйесінде ғылымның жаңа бөлімі пайда болды.

Оның көру мен есту түйсіктерін тікелей зерттеумен айналысқан және ақыл-ой кемдігінің клиникасын зерттеген саласы бөлініп шықты.

Аномальды балаларды зерттеудің қажеттігінен дәрігерлер,

физиологтар және медицина-

биология ғылымының басқа да өкілдері күш біріктіріп жұмыс істеуде.

Психологтарға келетін болсақ,

олардың назары қашан да аномальды балаларға аударылып келгені мәлім.

Ал педагогтарға келсек, олар керең баланы оқытуға бола ма,

көзі көрмейтін балаға жазуды үйретуге бола ма деген мәселемен айналысты.

Осыған байланысты бұлардың арасында прогрессивті және реакцияшыл көзқарастары бар көптеген теориялар да орын алды.

Педагогтар аномальды балаларды оқытудың әр түрлі жүйесін қолданып, бар күш-жігерін жұмсап бақты.

Аномальды балаларды оқыту процесі өте кеш – XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында басталды. Бұл уақытта аномальды баланы жеке оқыту тәсілі орын алды.

Бұлай оқытумен оны эксперимент түрінде жүргізген кейбір ғылымның өкілдері айналысты.

Ал шет елдерде осы уақытқа дейін аномальды балаларды мемлекет тарапынан міндетті түрде оқыту жоқ. Тек меншіктегі мектептер, шіркеулік және әлденеше мемлекеттік оқу орындары ғана бар. Міндетті түрдегі жалпыға бірдей оқу жүйесі де жоқ.

Арнаулы мекемелердің құрылуымен бірге кеңес дефектологиясы дами берді.

Кеңес дефектологтары алдында аномальды балаларға кімдерді жатқызуға болады? – деген басты проблема тұрды.

Мұндай балалардың даму ерекшеліктері қандай?

Олардың типологиясы қандай болуы тиіс?

Шет елдердің өкілдері аномальды балаларға кімдерді жатқызуға болады деген мәселе төңірегінде әлденеше идеалистік теориялар ұсынды.

Шет елдік дефектология ғылыми өкілдеріне біріншіден мынадай пайымдаулар тән болатын: қайсыбір органның бұзылуы (кемістігі)

қызметі бұзылған соның өзін ғана қамтиды деп есептеді. Мысалы,

дұрыс есітпеу тек керемдікке ғана байланысты,

соқырлық тек көздің зақымдануына ғана байланысты деді.

Қайсыбір органның немесе жүйенің бұзылуы бала дамуының осы жағына ғана қатысы болады деп жорамалдады. Шын мәнісінде мұның бәрі де әлдеқ

айда қиындығы мол мәселе болып шықты.

Сондықтан кеңес дефектологтары алдында аномальды балалардың даму ерекшеліктерін ашу міндеті тұрды.

Шет ел дефектологиясы өкілдеріне тән екінші бір ерекшелік болды.

Олар мынадай, ақау-кемістіктің өзі (дефект)

аномальды баланы оқытуды ұйымдастырудың бастамасы деп санады.

Ақауды жойып, оған барлық іс-әрекетті бағындырып,

соның өзімен байланыстыру керек деп қарайды. Мұның мәнісі,

егер бала көрмейтін болса,

онда көздің көруі арқылы қабылданатын түйсіктерді,

білімді оқытудан шығарып тастау негізінде құрылуы керек.

Кемістікті жалпы дамудан тыс оқшау қарап түсіну және ақауға барлығын да бағындыру – буржуазиялық теорияның басты бағыты болды.

Соңғы он жыл ішінде аномальды балалардың ақыл-

ойы дамуын педагогикалық тұрғыдан анықтау өте қиын. Ақыл-

ойы кем бала белгілі бір дәрежеге дейін ғана көтеріле алады, сондай-

ақ мылқау-керем балалар да дамудың жоғарғы сатысына көтеріле алмайды,

өйткені олардың сөйлеуге тілі болмайды дегенді жақтайтын неше түрлі жорамалдар пайда болды.

Шет ел ғалымдары қалыпты балалық шақты бірнеше кезеңге бөледі:

0-3 жасқа дейін – биологиялық кезең, 3-7

жасқа дейін – алғашқы дағдылар кезеңі, 7-12 жасқа дейін – нақтылы көріп-білгенін көңілге түйетін кезең. Ал адам баласының нағыз даму кезеңі, дейді олар, 12 жастан кейін басталады.

Осыған байланысты Пелле барлық аномальды балалар керендік, соқырлық және т.б. қандай кемістіктерге ұшыраса да 12 жастан жоғары олардың ақыл-ойы өспейді дейді, яғни оның пікірінше ондай балаларға ойлау жат.

Қазіргі кезде біз керендік пен соқырлықтың азайғанын білеміз.

Бұл кеңінен жүргізілген профилактикалық жұмыстың нәтижесі.

Алайда кейбір жағдайда бірінші кемістікпен күресуге осы заманғы құрал әлі де дәрменсіздік көрсеткенімен,

екінші кемістікпен күресте жағдай мүлдем басқаша.

Мұнда аномальды баланы арнайы оқыту шарттары және тәрбиелеу арқылы екінші кемістіктің пайда болуына жол бермей, алдын алуға болады.

Егер дер кезінде оқытып,

үйретсе керек бала ешнәрсе есітпегенімен оның сөйлеу тілі дамитын болады.

Шынында мектеп жасына дейінгі керек баланың сөйлеу тілі қалыптасып,

кәдімгі дені сау бала тәрізді өсіп-дамиды. Мұндай құрал педагогтың қолында.

Біз, міне осы құрал арқылы баланың дамуындағы кенжеліктің,

кеш қалушылықтың алдын аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Выготский В.С. Баланың жас ерекшеліктері және кемтар бала психологиясы туралы таңдамалы еңбектер. Алматы, 1999
2. Астапов В.М. Введение в дефектологию с основами нейро и патопсихологии: - М., «Знание». 1991.
3. В.А. Лапшин, Б.П. Пузанов Основы Дефектологии. М.,1990
4. В.А. Лапшин, Б.П. Пузанов Словарь по дефектологии.
5. Лебединский В.В. Нарушения психического развития в детском возрасте. М., 2003.

МАЗМҰНЫ

- АШИМОВА ГУЛЬМИРА ЕРМЕКОВНА
- КУБЕСОВА СВЕТЛАНА ЖУБАТИРОВНА
- ТӨКЕН ПЕРИЗАТ ДУМАНҚЫЗЫ
- ӘБІШОВА КҮНІМХАН ЕРАЛЫҚЫЗЫ
- ШЫНЫКЕЕВА ЖАДЫРА КУРЫЛЫСБЕКОВА
- ЖАҢБЫРОВА ДАМИРА МҰРАТҚЫЗЫ
- БЕККУЛОВА ТУНЖЫР НУРМАХАНОВНА
- БАКТЫБАЕВА ТОЛКЫН ЖУМАГЕЛЬДИНОВНА
- МУХАМАДЖАН ГАЛИЯ КАБИДОЛЛАКЫЗЫ
- ЛЕВЧЕНКО ОЛЬГА ПЕТРОВНА
- ТАИРОВА МАЙНУР ГЕЙДАРОВНА
- КОДЕКОВА ГУЛЬНУР ШУБАЕВНА
- САРЫБАЕВА КУМИСАЙ ЖИБЕКОВНА
- БАКПАСАРОВА ДИНА КУАНЫШЕВНА
- СЕИТБЕКОВА МАЙЯ АДИЛОВНА